

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті арасында
Жастар саясаты саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 шілдедегі N 796 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті арасындағы Жастар саясаты саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Бірғаным Сарықызы Әйтимоваға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті арасында Жастар саясаты саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгері енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.02. N 86 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның
Министрлер Кабинеті арасындағы Жастар саясаты
саласындағы ынтымақтастық туралы
Келісім**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті (бұдан әрі - *Т а р а п т а р*),

екі мемлекет халықтары арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға және дәстүрлі достық байланыстарды дамытуға өзара ықыласты басшылыққа ала отырып, өзара тығыз байланыстар жасауға және жастар саясаты саласындағы ынтымақтастық Қазақстан Республикасы мен Украинаның жас ұрпақ өкілдері арасындағы өзара түсіністікті тереңдетуге жәрдемдесетініне сенім білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар атқарушы биліктің орталық органдарының, сондай-ақ жастар саясаты саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де үкіметтік емес ұйымдардың (бұдан әрі

- ынтымақтасушы ұйымдар) ынтымақтастығы арқылы жастардың байланыстарын нығайтуға және дамытуға жан-жақты жәрдемдесетін болады.

2-бап

Тараптар мемлекеттері ынтымақтасушы ұйымдар арасында тікелей шарттар жасасу негізінде жастар саясаты саласындағы байланыстар мен ынтымақтастықты Тараптар:

ынтымақтасушы ұйымдар арасында бірлескен жұмыстар, байланыстар мен өзара алмасулар үшін қолайлы жағдайлар жасау;

жастар саясаты саласындағы жұмыс тәжірибесімен алмасу;

Қазақстан Республикасы мен Украинаның аумағында ортақ бағдарламаларды енгізуге және жастар мен балалар іс-шараларын (съездер, симпозиумдар, конгрестер, конференциялар, семинарлар, тренингтер, фестивальдер, форумдар, брифингтер, көрмелер, конкурстар, кездесулер) өткізуге жәрдемдесу арқылы көтермелейтін және қолдайтын болады.

3-бап

Тараптар өзара мүддені білдіретін мәселелер бойынша делегациялар, ақпараттар алмасуды қоса алғанда, барлық деңгейдегі ынтымақтасушы ұйымдармен тікелей байланыстарды дамытуға жәрдемдесетін болады. Ынтымақтасушы ұйымдар арасында тікелей келісімдерге қол жеткізілген жағдайда бірлескен бағдарламалар өткізілетін болады. Бағдарламалардан туындайтын міндеттемелердің орындалуы үшін оларды өткізетін ынтымақтасушы ұйымдар жауапты болады.

4-бап

Тараптар балалар мен жастардың жазғы демалысын ұйымдастыру, каникул кезеңінде мектеп оқушылары мен студенттер топтарының алмасулары үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

5-бап

Тараптар мамандардың, жаттықтырушы-оқытушылардың, балалармен және жастармен жұмыс саласындағы басқа да мамандардың ынтымақтастығын көтермелейді, сондай-ақ олардың тәжірибе алмасуына жәрдемдеседі.

6-бап

Тараптар кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі қызметтер, жастарға арналған әлеуметтік қызметтер орталықтары мен олардың кәмелетке толмағандар мен жастарға

психологиялық, заңгерлік және басқа да көмек көрсететін мамандандырылған құралымдарымен тәжірибе алмасады.

7-бап

Тараптар жұмыспен қамту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ жастардың тұрғын үй проблемаларын шешуге бағытталған бағдарламалары саласында тәжірибе алмасуға жәрдемдеседі.

Тараптар жастардың еңбек және студенттік құрылыс жасақтарымен алмасуды көтермелейді.

8-бап

Осы Келісімді сәтті іске асыру мақсатында Тараптар өз мемлекеттерінің жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыруға жауапты атқарушы биліктің орталық органдарының өкілдерінен бірлескен комиссия құрады.

Бірлескен комиссия ынтымақтастық бағдарламасына және келесі мәжіліске дейінгі кезеңге алмасуларды келісу мен тиісті тікелей шартқа қол қою мақсатында Қазақстан Республикасы мен Украинада кезектесіп, әдетте жылына кем дегенде бір рет мәжіліс өткізеді.

9-бап

Осы Келісіммен қамтылған барлық қызмет түрлері Тараптар мемлекеттерінің нормативтік құқықтық кесімдеріне сай жүзеге асырылуы және сәйкес келуі және Тараптар мемлекеттерінің бюджеттерінде көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ мемлекеттердің заңнамасымен тиым салынбаған басқа да көздерден қаржыландырылуы тиіс.

10-бап

Жастар алмасулары туралы тікелей шарттар жасасу шеңберіндегі ынтымақтастық өзара қағидаттарда жүзеге асырылады, атап айтқанда:

жіберуші тарап өз делегациясының іс-шаралар өткізілетін орынға және кері қайту - тасымалдау жөніндегі шығыстарын, сондай-ақ өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес шетелге шығу кезінде көзделген сақтандырудың барлық түрлеріне байланысты шығыстарды өзіне алады;

қабылдаушы тарап өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес, келуі жөніндегі, орналасуын, тамақтануын, ішкі көліктік тасымалдарын қоса алғандағы шығыстарды, сондай-ақ басқа да қажетті көмекті өздеріне алады.

11-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

12-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы келісімнің ажырамас бөлігін құрайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

13-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен қайшылықтар туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

14-бап

Осы Келісім, оның күшіне енуі үшін Тараптар қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және Тараптардың бірі оның қолданылуын өзінің тоқтату ниеті туралы, тиісті кезеңнің бітуіне дейін алты ай бұрын басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жібергенге дейін әркез келесі бес жыл мерзімге автоматты түрде ұзартылып отырады. Осы Келісім әрекетінің тоқтатылуы Тараптардың осы Келісімнің ережелері негізінде келісілген және оның әрекеті тоқтатылған сәтке аяқталмаған жобалар мен бағдарламаларды орындауға, сондай-ақ осы Келісімді іске асыру мақсатында жасалған шарттар мен келісімдердің қолданылуына әсер етпейді.

200_ жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде екі данада жасалды, сондай-ақ барлық мәтін бір-бірімен дәлме-дәл.

Осы Келісімді түсіндіруде қайшылықтар туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Украинаның
Министрлер Кабинеті үшін